

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік.

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: мемлекеттік мекеме қызметіне, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған жергілікті бюджет қаржысының пайдаланылуына аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: аудит объектісі қызметінің тиімділігіне, бөлінген бюджет қаржысын пайдалану барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына мемлекеттік аудит.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Орал қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-і.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2018 жылдың 1 қаңтарынан - 2021 жылғы 30 маусым аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

«Орал қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Батыс Қазақстан облысының Орал қаласы аумағында жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру, атаулы әлеуметтік көмек көрсету және «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын іске асыру бойынша функцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық мекеме нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Орталықтың Жарғысы Орал қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 5 қаңтардағы №5 қаулысымен бекітілген.

«Орал қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган.

Орталық қызметінің мәні: халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын көрсету болып табылады.

Орталық қызметінің мақсаты: жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру және атаулы әлеуметтік көмек көрсету болып табылады. Орталық мақсатқа жету үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: халықты жұмыспен қамтудың жай-күйін бағалауды және дамуын болжауды, халықты еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар етуді жүзеге асырады; Заңда көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қосымша шараларын іске асыруды жүзеге асырады; өтініш білдірген адамдарды жұмыс іздеуші және жұмыссыздар ретінде тіркейді; «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі

№279 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша жұмыссыз ретінде тіркелу туралы анықтама береді; жұмысынан айырылған жағдайда Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №236 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларының 4-тармағымен көзделген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен әлеуметтік төлем тағайындау үшін тізбесін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгіленген қажетті құжаттарды қабылдауды жүзеге асырды және оларды Мемлекеттік корпорацияға жібереді; атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін құжаттарды қабылдауды, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезенді мүдделі органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады, оларды учаскелік комиссияның қарауына жолдайды; әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтер көрсетеді; жұмыс іздеп жүрген адамдарға және жұмыссыздарға лайықты жұмыс таңдауда жәрдемдеседі, жұмысқа орналасу үшін жолдама береді және т.б.

Жұмыспен қамту және еңбекақы төлеу, адами капиталдың сапасын арттыру саясатын жаңғырту, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік қолдаудың атаулы болуын қамтамасыз ету «Қазақстан – 2050» Стратегиясына және Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес даму басымдықтары ретінде айқындалды. Осыған орай, елімізде халықты жұмыспен қамту бағытында әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуда. Бұл ретте, халықты жұмыспен қамту орталықтары – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында құрылған мемлекеттік мекеме.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде 5790,9 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 650,9 мың теңге, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау – 5140,0 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер саны 7 бірлікті құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 650,9 мың теңгесі бюджетке өтелуге жатады.

Қазіргі уақытта Бағдарлама қатысушыларды оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін») жобасы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, «100/200» қағидаты бойынша «Жас маман» жобасы шеңберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлауды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында

кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларында» айқындалған.

Алайда, осы Қағидаларда Білім беру ұйымы Бағдарламаға қатысушыларды: білім беру ұйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабақтан себепсіз калғанда; үлгерімі ағымдағы бақылаудың, аралық аттестаттаудың қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайларда оқудан шығарғанда, төленген материалдық көмек пен стипендия сомасын қоса алғанда, оқуға арналған шығыстарды Бағдарламаға қатысушылар тарапынан бюджетке міндетті түрде өтеу туралы талаптар көзделмеген. Осыған байланысты, жоғарыда аталған Қағидаға тиісті толықтыру енгізу қажет деп санаймыз.

Халықты жұмыспен қамту орталығы (Тапсырыс беруші) және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының «Сервис және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК-н (Өнім беруші) 2018 жылғы 23 сәуірдегі №35 жасалған келісім шарт шеңберінде 11 қатысушылар (соның ішінде азамат А.Черных) «аспаз» кәсібі бойынша 2018 жылғы 26 сәуірден 26 шілде кезеңінде 3 айлық қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өткен. Осылайша, 3 айда А.Черныхқа 161,3 мың теңге жұмсалды, соның ішінде: оқу ақы сомасы – 111,0 мың теңге (1 айға 37,0 мың теңге), шәкіртақы сомасы – 50,3 мың теңге (1 айға 16,8 мың теңге).

Аудит барысында «Еңбек нарығы» ақпараттық жүйесі арқылы қысқа мерзімді кәсіптік оқуда оқыған қатысушылар туралы мәліметтерді таңдамалы түрде тексеру барысында азамат А.Черных бойынша 2018 жылдың мамыр, маусым және шілде айларында «Capital Complex Catering» ЖШС-тен міндетті зейнетақы аударымдары бар екені анықталды, яғни аталған мерзімде осы серіктестікте жұмыс жасағандығы белгілі болды.

Сонымен қатар аудит барысында 2021 жылғы 22 қарашадағы №7-2/2518 шығыс хатпен азамат А.Черныхтың жоғарыда аталған кезеңдерде «Capital Complex Catering» ЖШС-де нақты жұмыс істегендігін растау туралы сұраныс жолданды. Осы сұранысқа «Capital Complex Catering» ЖШС-нен 2021 жылғы 23 желтоқсандағы №4060 шығыс хатпен жауап келіп, онда азамат А.Черныхтың Атырау қаласы «Болашақ кәмпінің №2 асханасында» 2018 жылдың мамыр-шілде аралығында аспазшы көмекшісі ретінде нақты жұмыс істегендігі және жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі: сағат 9.00-ден 21.00-ға дейін, түскі үзіліс 14.00-ден 15.00-ге дейін екендігі мәлімденді.

Осылайша, жоғарыдағы фактілер 2018 жылы А.Черныхтың «Сервис және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК-да «аспаз» кәсібі бойынша 3 айлық қысқа мерзімді кәсіптік оқуға қатыспағанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, білім беру ұйымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы №35 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қағидаларының» 30 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, сабақтан себепсіз калған қатысушыны оқудан шығару керек еді.

Халықты жұмыспен қамту орталығы және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының «Сервис және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК-н 2018 жылғы 23 сәуірдегі №35 жасалған келісім шарттың 3.1 тармағы 1) тармақшасында: «Өнім беруші мыналарға: Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге

міндеттенеді» деп, ал осы тармақтың 6) тармақшасында: «Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-ірекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді» деп көрсетілген. Осыған байланысты, А.Черныхты оқытуға жұмсалған 161,3 мың теңге бюджетке өтелуі тиіс деп есептейміз.

1-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы №35 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қағидаларының» 30 тармағы 1) тармақшасы және 2018 жылғы 23 сәуірдегі №35 жасалған келісім шарттың 3.1 тармағы 1), 6) тармақшалары бұзылып, білім беру ұйымы тарапынан, шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етпеу салдарынан А.Черныхты оқытуға 161,3 мың теңге негізсіз төленген.

Аудит барысында «Еңбек нарығы» ақпараттық жүйесі арқылы әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған азаматтардың аудит кезеңінде міндетті зейнетақы аударымдары болуына таңдамалы түрде тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижесімен жекелеген жұмыс берушілер тарапынан кейбір азаматтардың міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына толық немесе мүлде аудармағандығы анықталды. Ал, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру туралы жұмыс берушілермен 2018-2019 жылдары жасалған шарттардың 2.4 тармағының 3) тармақшасына, 2020-21 жылдары жасалған шарттардың 6 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, әлеуметтік жұмыс орындарына қатысушылардың міндетті зейнетақы жарналарын ұстауға және аударуға міндеттеледі.

2-тармақ. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №516 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларының 7-тармағының 5) тармақшасы бұзылып, Орталық 2018-2020 жылдары және 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында жұмысқа орналастырылған жекелеген азаматтардың міндетті зейнетақы қорына аударымдарын бақылау жұмыстарын тиісінше жүргізбеген.

3-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 Қаулысымен бекітілген «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерінің» 1-тараудың 3-тармағын және жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін 2018-2021 жылдары әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыруға жасалған шарттардың талаптарын бұза отырып, жекелеген жұмыс берушілердің Орталық жолдамасы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыскерлердің 359,9 мың теңге құрайтын міндетті зейнетақы жарналарын толық немесе мүлде аудармағандығы анықталды. Аудит барысында жекелеген жұмыс берушілермен 131,6 мың теңге міндетті зейнетақы жарналары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылды.

4-тармақ. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы №516 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларының

17 тармағы бұзылып, Орталық 2018-2020 жылдары және 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында осы қағидалармен белгіленген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландырудың белгіленген тәртібін бұзған жұмыс берушілермен жасалған тиісті шарттарды бұзу бағытында және басқа да тиісті әрекеттерді жасамаған.

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі – Заң) 22 бабының 1) тармағына сәйкес, қоғамдық жұмыстарды халықты жұмыспен қамту орталықтары ұйымдарда ұйымдастырады және бюджет қаражаты шегінде және жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша олардың қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Аталған Заңның 22 бабының 2) тармағымен қоғамдық жұмыстарға қатысуға: жұмыссыздардың; денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарға оқудан бос уақытта студенттердің және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының; тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдардың құқығы бар екендігі көзделген.

Заңның 1 бабының 19) тармағына сәйкес жұмыссыз адам – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға.

Осы Заңның 4 бабына сәйкес, жұмыспен қамтылған адамдарға мыналар жатады: 1) жалдамалы жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдар; 2) дара кәсіпкерлер; 3) жеке практикамен айналысатын адамдар; 4) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын, жалдамалы жұмыскерлерге жатпайтын жеке тұлғалар; 5) шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар; 6) тәуелсіз жұмыскерлер; 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүргендер.

Жүргізілген аудит барысында Орал қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасымен 2021 жылғы 24 қарашада ұсынылған №МКБ-1-08-8/10905 шығыс хаттағы мәліметтерге және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми интернет-ресурсындағы (kgd.gov.kz) деректерге сәйкес, жекелеген қоғамдық жұмыстарға жолданған азаматтардың салық органдарында жеке кәсіпкер, сондай-ақ шаруашылық серіктестіктердің басшысы немесе құрылтайшысы ретінде тіркелгендігі айқындалды.

Бұл ретте, Орталық жұмыс іздеушінің жеке сәйкестендіру нөмірінің негізінде ол туралы дербес ақпарат алу үшін әлеуметтік еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесіне мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды қалыптастырған кезде, олардың дара кәсіпкер және шаруашылық субъектілердің басшысы немесе құрылтайшысы болып табылатындығы туралы мәліметтер көрсетілмейді, яғни бұл ақпараттық жүйенің толық жетілдірілмегендігін байқатады.

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-V ҚРЗ Заңы 1 бабының 5) тармақшасына сәйкес: әлеуметтік еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі – халықты жұмыспен

қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының, еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен. Алайда, аталған ақпараттық жүйе мемлекеттік кірістер органдарының деректер базасымен ведомствоаралық өзара іс-қимылды толыққанды қамтамасыз етпейді.

5-тармақ. Әлеуметтік еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі мемлекеттік кірістер органдарының деректер базасымен ведомствоаралық өзара іс-қимылды толыққанды қамтамасыз етпейді, бұл өз кезегінде ақпараттық жүйе қызметінің кемшілігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 тамыздағы №513 қаулысымен бекітілген «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидаларының» (бұдан әрі - *Қағидалар*) 15 тармағына сәйкес, Үміткер (немесе оның нотариат куәландырған сенімхат бойынша өкілі) жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант алу үшін тұратын жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінеді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағдарлама шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант алуға өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат, ал қандастар үшін – қандас куәлігі (салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұскасы ұсынылады);
- 3) әзірленген бастапқы бизнес-жоспар (осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген адамдар үшін – үлгілік бастапқы бизнес-жоспар);
- 4) осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, Бағдарлама шеңберінде оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) кәсіпкердің атынан өтініш беру құқығына сенімхат, сенім білдірілген өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың (занды тұлғаның атынан – заңды тұлға куәландырған) көшірмесі.

Орталық өтініш пен жоғарыда көрсетілген құжаттарды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылған өтініштер мен құжаттардың негізінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар алу үшін үміткерлердің тізімін қалыптастырады, оларды комиссияның қарауына жібереді және бір жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіні (еркін нысанда) хабардар етеді.

Мемлекеттік грантқа ие болған азаматтардың бизнес-жоспарларында жобаны іске асыру мерзімдері кемінде 2 жылдан 5 жылға дейін деп көрсетілген, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке салықтар мен басқа да аударымдардың түсуіне ықпал ету және қосымша жұмыс орындарын құрып, жұмысшылардың тұрақты табыс табуына мүмкіндік беру көзделген.

Жоғарыда аталған Қағидалар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес әзірленген және бастапқы бизнесті іске асыруды жоспарлайтын Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға

мемлекеттік гранттар беру шарттары мен тетігін айқындайды. Қағидалардың 25 тармағына сәйкес, Орталық шарт жасасқан күннен бастап он екі ай ішінде қаражаттың мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізеді.

Аудит барысында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми интернет-ресурсында (kgd.gov.kz) орналасқан деректерге сәйкес, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты алған кейбір тұлғалар, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркеген. Алайда, олар өз қызметтерін өздерінің бизнес-жоспарларындағы жобаларды іске асыру мерзімдерінен бұрын тоқтатқан. Атап айтқанда, 2020 жылы 6 азамат әр қайсысы 555,6 мың теңгеден 3 333,6 мың теңге, 2021 жылы 2 азамат әр қайсысы 583,4 мың теңгеден 1 166,8 мың теңге, барлығы 4 500,4 мың теңгеге бизнес-идеяларын іске асыруға арналған мемлекеттік гранттарды алып, өз қызметтерін тоқтатқан.

«Еңбек» бағдарламасының 5.2.5. тармағына сәйкес, мемлекеттік гранттар бастапқы бизнесті іске асыруды жоспарлайтын бағдарлама қатысушыларына өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі. Грант алушылар бастапқы капитал арқылы өз бизнесін бастап, оны ұзақ мерзімді уақытқа дамытуға ұмтылуы қажет, яғни бастапқы капитал кәсіпкерлер пайда таба бастаған сәтке дейін тартылған инвестициялардың бір түрі болып табылады.

«Еңбек» бағдарламасының 4.1 тармағында Бағдарламаның мақсаттары: Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту болып табылады. Ал, 2020-2021 жылдары 8 адамға бизнес-идеяларын іске асыруға арналған мемлекеттік грант ретінде берілген 4 500,4 мың теңге кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға және «Еңбек» бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ете алмады. Бұл ретте, шағын кондитерлік өнімдер; шағын наубайхана; балмұздақ, поп-корн және қант мақтасын өндіру цехтарының жұмыстары, сонымен қатар тауық өсіру кәсібі; слесарлық-дәнекерлеу қызметтерін көрсету өз жалғасын таппады, яғни мемлекеттік грант алушы азаматтардың кәсіпкерлік қызметтері өздерінің бизнес-жоспарларындағы жобаларды іске асыру мерзімдерінен бұрын тоқтатты.

Бұл жағдайдың орын алуының бірден бір себебі Қағидаларда грант алушылардың салық органдарында тіркелген кәсіптерінің әрекет ету мерзімдері мүлдем айқындалмаған. Сәйкесінше, Орталық грант алушылардың қызметіне тиісті мерзімде мониторинг жүргізе алмайды.

6-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 тамыздағы №513 қаулысымен бекітілген «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидаларында» грант алушылардың салық органдарында тіркелген кәсіптерінің әрекет ету мерзімдері мүлдем айқындалмаған, бұл өз кезегінде Қағидалардың кемшілігі болып табылады.

Орталықтың аумағы 695,6 ш.м. құрайтын әкімшілік ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізу мақсатында «Қалдығайта» ЖШС-мен 023 015 159 бюджеттік бағдарламасы бойынша 13 216,0 мың теңгеге 2018 жылғы 30 мамыр күнгі №48 келісімшарт жасаған. Кейін, жөндеу жұмыстары жүргізілу барысында қосымша жұмыстар пайда болуына байланысты Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4

желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚРЗ Заңының 45 бабы 2 тармағы 3) тармақшасына сәйкес, аталған келісімшартқа 2018 жылғы 21 маусымдағы №1 қосымша келісім жасалып, келісімшарт сомасы 16976,5 мың теңгені құрады. Ағымдағы жөндеуді «Smartech» ЖШС-і дайындаған сметалық есепке сәйкес жүргізген.

Сметалық есептерде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2015 жылғы 1 шілдедегі №218-нқ бұйрығымен қабылданған «ҚР ҚШН 8.04-06-2015 қыс мезгілінде құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезіндегі қосымша шығындардың сметалық нормалар жинағына» (әрі қарай - ҚР ҚШН 8.04-06-2015 жинағы) сүйене отырып, құрылыс-монтаж (жөндеу-құрылыс) жұмыстарын қыс мезгілінде жүргізгені үшін қосымша шығындарға барлығы 579,8 мың теңге қаржы карастырылған (2018 жылғы 16 сәуір күні бекітілген сметалық есепте 484,8 мың теңге, 2018 жылғы 15 маусым күні бекітілген сметалық есепте 95,0 мың теңге). ҚР ҚШН 8.04-06-2015 жинағының 4 тармағына сәйкес, құрылыс-монтаж жұмыстары жаз мезгілінде жүзеге асырылған кезде, жұмыстардың орындалуы туралы актілерге бұл шығындар қосылмайды.

2018 жылғы 30 мамыр күнгі №48 келісімшартқа сәйкес жөндеу жұмыстары 2018 жылғы 30 мамыр күні басталып, 45 күнтізбелік күн ішінде, 2018 жылғы 14 шілде күні аяқталуы тиіс. Бұл ретте, жөндеу жұмыстары жазғы уақытта жүргізіліп, қысқы мезгілінде жүргізілген жұмыстар үшін қосымша шығындардың төленуі негізсіз екендігін атап өткен жөн.

7-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2015 жылғы 1 шілдедегі №218-нқ бұйрығымен қабылданған «ҚР ҚШН 8.04-06-2015 қыс мезгілінде құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезіндегі қосымша шығындардың сметалық нормалар жинағының» 4 тармағы бұзылып, Орталық ғимаратқа ағымдағы жөндеу жүргізген «Қалдығайта» ЖШС-не қысқы мезгілінде жүргізілген жұмыстар үшін қосымша шығындар, жоспарланбаған жұмыстар мен шығындар және қосымша құн салығы ретінде 489,6 мың теңге негізсіз аударған.

Әкімшілік ғимаратта ағымдағы жөндеу жүргізу мақсатында 13216,0 мың теңгеге жасалған 2018 жылғы 30 мамыр күнгі №48 келісімшарт бойынша «Қалдығайта» ЖШС-і 2018 жылғы 11 маусымағы №220 төлем тапсырмасына сәйкес келісімшарт сомасының 3% көлемінде, яғни 396,5 мың теңгені Орталықтың есепшотына мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде аударған.

Алайда, 2018 жылғы 21 маусымдағы №1 қосымша келісім жасалып, келісімшарт сомасы 3 760,5 мың теңгеге ұлғайтылғанына қарамастан, көбейтілген соманың 3% көлеміндегі қаржыны Орталықтың есепшотына мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізбеген.

8-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 397 тармағы бұзылып, 2018 жылғы 30 мамыр күні №48 келісімшартқа 2018 жылғы 21 маусымдағы №1 қосымша келісім жасау кезінде,

шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін көбейту жөнінде шарт өзгертілмей, 112,8 мың теңгені құрайтын шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы салынбаған. Шарт тиісінше орындалмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдында кепілдіктерінің болмауына әкеп соғуы мүмкін еді.

Орталық 2018 жылы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, сондай-ақ Орал қаласы әкіміне хаттар жолдап, қызметтік автокөлік сатып алу үшін қаржы бөлуін сұраған. Кейін қаржы бөлініп, Орталық 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылғы 30 қарашадағы №4512016/18-1455 төлемге берілген шотқа сәйкес, құны 5 140,0 мың теңге тұратын «Chevrolet Aveo» қызметтік автокөлігі сатып алған.

Алайда, Орал қаласы қаржы бөлімінің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы №4631-К бұйрығына сәйкес, сатып алынған автокөлік Орталық теңгерімінен «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы» КММ теңгеріміне берілген.

Өз кезегінде, Орталық теңгерімінде 2008 жылғы Skoda Octavia A4 қызметтік автокөлігі болғандығын айта кеткен жөн. Аталған автокөлік Орал қаласы қаржы бөлімінің 2019 жылғы 12 тамыздағы №244-К бұйрығына сәйкес, «Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің «Тұрғын үй қатынастары орталығы» КММ теңгеріміне берілген. Осылайша, Орталықтың теңгерімінде бірде бір қызметтік автокөлік қалмаған.

Бұл ретте, қызметтік автокөлікті сатып алуды жоспарлау кезінде Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің принциптері сақталмаған. Өз кезегінде, қызметтік автокөліктің жоқтығы, Орталықтың құзіретіне жататын мониторингті жүргізуді тиісті деңгейде атқарылмауына, сондай-ақ басқа да қажетті шараларды жүзеге асыруға теріс әсерін тигізді.

9-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 9) және 12) тармақшаларында көзделген негізділік және тиімділік принциптері сақталмаған, бұл ретте 5 140,0 мың теңгені құрайтын бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланып, пайдаланылған.

Аудит кезеңінде, жылдардың қорытындысы бойынша 002 «Жұмыспен қамту бағдарламасы» бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаржы толық көлемінде игерілмеген. Атап айтқанда, 2018 жылдың 31 желтоқсанына 1 342,7 мың теңге, 2019 жылдың 31 желтоқсанына 150228,6 мың теңге, 2020 жылдың 31 желтоқсанына 221,8 мың теңге игерілмей қалған. 2018, 2020 жылдары жастар практикасына жолданған азаматтар жұмыстан мерзімінен бұрын шығып кету себебінен игерілмеген. 2018, 2020 жылдары игерілмей қалған қаржы республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер болса, 2019 жылы игерілмей қалған қаржы Ұлттық қордан бөлінген нысаналы трансферттер.

Бұл ретте, 2019 жылы Орталық тарапынан бюджеттік өтінім берілмегендігіне карамастан, бюджеттік бағдарлама әкімшісі (Орал қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі) жұмыссыз азаматтарға қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру үшін бөлінгендігін атап өтеміз. Орталық, игерілмеген қаржыны бюджетке қайтару туралы хаттар жолдағанымен, қаржы кері қайтарылмаған.

10-тармақ. Орталық 2019 жылы 002 «Жұмыспен қамту бағдарламасы» бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаржының толық игерілуін қамтамасыз етпеген, бұл өз кезегінде аудит объектісінің кемшілігі болып табылады.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе):

Өңірді тұрақты үдемелі дамыту міндетін шешу, бөлінген қаржы ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы №746 қаулысымен Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының орындаушылары мен уәкілетті органдар арасында сындарлы өзара іс-қимылды нығайту қажет деп санаймыз. Бұл өз кезегінде Бағдарламаның халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту мақсаты мен нысаналы индикаторларына қол жеткізу тиімділігіне жетілдіруге және арттыруға әлеует болып табылады.

Жыл сайын Орталық бюджетінің әлеуметтік бағдарлануының артуы мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ басқа да бағдарламалар аясында түрлі жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар өңірді тұрақты үдемелі дамыту міндетін шешу, бөлінген қаржы ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету аудиттелген мекеменің басты мақсаты болып табылады. Бұл өз кезегінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағы 3) тармақшасына сәйкес, 2022 жылғы 19 қаңтардағы №8-10/46 шығыс хатымен «Орал қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» ММ-не Орталық жолдамасы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыскерлердің міндетті зейнетақы жарналарын толық немесе мүлде аудармаған 5 жұмыс берушіге катысты материалдар жолданды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Әлемдік практикада еңбек нарығындағы проблемаларды шешу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары пайдаланылады, олар еңбек ресурстарын дамыту, жұмыс күшіне сұранысты ұлғайту, ақпараттық сүйемелдеуді қоса алғанда, еңбек нарығы институттарының қызметін жетілдіру, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл нәтижелі жұмыспен қамту ықтималдығын арттыруды, еңбек өнімділігі мен жалақының өсуін, әлеуметтік тұрғыдан жұмыссыздықтың төмендеуін, еңбек белсенділігінің өсуін және адам әлеуетінің дамуын көздейді.

Технологиялық жаңғырту бірқатар дәстүрлі салаларда еңбек ресурстарына сұраныстың төмендеуімен және еңбек ресурстарына сұраныстың өсуімен және

жаңа салаларда сұраныстың өсуімен байланысты еңбек нарығында елеулі өзгерістерге әкеп соғады.

Цифрлық экономика талаптарын ескере отырып, жұмыс күшінің дағдылары мен құзыреттеріне жаңа талаптар қойылатын болады. Экономиканы сұранысқа ие кадрлардың және барлық азаматтардың қызмет түрін ауыстыру мүмкіндіктерімен уақтылы және сапалы ұсынумен қамтамасыз ету үшін қайта даярлау, біліктілікті арттыру бағдарламаларына қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ, еңбек ресурстарын жаңа экономиканың қажеттіліктеріне бейімдеу қажет.

Жаңа экономиканы кәсіпорындар мен салалардың өнімділігін арттыруға, технологиялық жаңартуға және цифрландыруға қабілетті кадрлармен қамтамасыз етуге білім беру жүйесінен еңбек нарығына жаңа білікті қызметкерлердің келуі есебінен де, жұмыс істеп тұрған қызметкерлерді оқыту арқылы да қол жеткізілетін болады.

Бұл міндеттер «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жалпай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасында белгіленген, олар бөлінген бюджет қаражаты шеңберіндегі іс-шараларды орындаумен шешіліп отырады.

Қойылған максаттарды орындау және мемлекеттік бағдарламаның іс-шараларын орындау бойынша қабылданған шаралар Орал қаласының еңбек нарығының он дамуына ықпал етуге тиіс.

Алайда, Орал қаласында жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының жүзеге асырылуына қарамастан, 2018-2020 жылдары жұмыссыздық деңгейі артып отыр (2018 жылы 4,7%, 2019 жылы 4,8%, 2020 жылы 4,9%). Қабылданған шаралар мен бюджет қаражатының басым бөлігі уақытша жұмыс орындарын құруға жұмсалуда (әлеуметтік жұмыс орындарын құру, жастар практикасын ұйымдастыру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру).

Бұл шаралар өз табиғаты бойынша халықты нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің және азаматтарды кәсіпкерлікке тартудың максаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейді. Бұл ретте, осы жобаларға қатысушылардың тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасу деңгейінің төмендігі байқалады. Атап айтқанда, әлеуметтік жұмыс орындарына 2018 жылы 104 адам жолданып, оның 43 тұрақты жұмысқа орналасты, немесе 41,3%; 2019 жылы 77 адам жолданып, оның 47 тұрақты жұмысқа орналасты, 61%; 2020 жылы 44 адам жолданып, оның 19 тұрақты жұмысқа орналасты, немесе 43,2%. Жастар практикасына 2018 жылы 590 адам жолданып, оның 175 тұрақты жұмысқа орналасты, немесе 29,7%; 2019 жылы 551 адам жолданып, оның 201 тұрақты жұмысқа орналасты, немесе 36,5%; 2020 жылы 421 адам жолданып, оның 132 тұрақты жұмысқа орналасты, немесе 31,3%. Қоғамдық жұмыстарға 2018 жылы 1120 адам жолданып, оның 117 тұрақты жұмысқа орналасты, немесе 10,4%; 2019 жылы 973 адам жолданып, оның 50 тұрақты жұмысқа орналасты, немесе 5,1%; 2020 жылы 1966 адам жолданып, оның 37 тұрақты жұмысқа орналасты, немесе 1,9%.

Аталған жобаларды жүзеге асыру барысында төмендегідей мәселелер айқындалды: әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған азаматтардың міндетті зейнетақы аударымдары болуына мониторингті жүргізетін «Еңбек нарығы» ақпараттық жүйесі уәкілетті мемлекеттік органдардың ақпараттық

жүйелерімен толық интеграцияланбаған. Мәселен, жүйеде міндетті зейнетақы аударымдарының нақты сомалары көрсетілмейді, тек қана ұйымның атауы, міндетті зейнетақы аударымдар төлемінің жүзеге асырылған күні және қай кезеңге жүргізілгені бойынша ғана мәліметтер бар. Сондай-ақ, осы жүйеде жұмысқа орналастырылған азаматтардың салықтық және басқа да әлеуметтік аударымдары бойынша мәліметтері, бұдан басқа олардың коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың басшысы немесе құрылтайшысы екені туралы ақпарат көрсетілмейді.

Аудит кезеңінде алғашқы жұмыс орнына орналастыру «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысушылардың аздығын, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жеткен жұмыскерлерді кейін алмастырумен жұмысқа орналастыру «Ұрпақтар келісімшарты» жобасына қатысушылардың болмағандығын атап өтеміз. Бұл жобаларды жүзеге асыру бағытында ұйымдастыру жұмыстарын жандандыру кажет.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес, қоғамдық жұмыстар – халықты жұмыспен қамту орталықтары ұйымдастыратын, жұмыскердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, олардың уақытша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік пайдалы бағыттағы еңбек қызметінің түрлері. Алайда, көп жағдайда қоғамдық жұмыстарға жолданған азаматтар Орал қаласында орналасқан мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарында негізінен іс жүргізуші және курьер ретінде қызмет атқарған, бұл ретте, аталған қызмет түрлері әлеуметтік пайдалы бағытқа жатпайды деп есептейміз.

Аудит барысында төмендегідей бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды, атап айтқанда: қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жұмсалған 161,3 мың теңге негізсіз төленген; жекелеген азаматтардың міндетті зейнетақы қорына аударымдарын бақылау жұмыстарын тиісінше жүргізбеген; әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жекелеген жұмыскерлердің міндетті зейнетақы жарналары толық немесе мүлде аударылмаған; әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландырудың белгіленген тәртібін бұзған жұмыс берушілермен жасалған тиісті шарттарды бұзу бағытында және басқа да тиісті әрекеттерді жасалмаған; әлеуметтік еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі мемлекеттік кірістер органдарының деректер базасымен ведомствоаралық өзара іс-қимылды толыққанды қамтамасыз етілмеген; тиісті Қағидаларда грант алушылардың салық органдарында тіркелген кәсіптерінің әрекет ету мерзімдері мүлдем айқындалмаған, бұл өз кезегінде кемшілік болып табылады; әкімшілік ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізу барысында 489,6 мың теңге негізсіз аударған; әкімшілік ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізу туралы мемлекеттік сатып алу шартының орындалуын қамтамасыз ету тиісті сомасы салынбаған; қызметтік автокөлікті сатып алуға 5140,0 мың теңгені құрайтын бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланып, пайдаланылған; 2019 жылы бөлінген қаржы толық игерілмеген.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы» базалық көрсеткішінің: мекеме құзыреті шеңберінде халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыру және жұмыссыздық деңгейін азайту

бағытындағы қызметі арнайы көрсеткіші бойынша: Қабылданған шаралар мен бюджет қаражатының басым бөлігі уақытша жұмыс орындарын құруға жұмсалады (әлеуметтік жұмыс орындарын құру, жастар практикасын ұйымдастыру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру). Ал, қалада жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының жүзеге асырылуына қарамастан, 2018-2020 жылдары жұмыссыздық деңгейі артып отыр. Осылайша, Орталықтың халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыру және жұмыссыздық деңгейін азайту бағытында атқарған қызметтері тиісті дәрежеде тиімді емес деп бағалауға болады.

«Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы» базалық көрсеткішінің Жарғыда бекітілген мақсатына жету барысында заңнама талаптарын сақтауы арнайы көрсеткіші бойынша: Орталық өз қызметін Жарғыда көзделген міндеттермен функцияларға сәйкес, сонымен қатар аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының жұмыспен қамту заңнамасы аясында жүзеге асырған. Тұтастай алғанда, Орталықтың атқарып отырған қызметі мейлінше қанағаттанарлық деңгейде деп айтуға болады.

«Заңдылық – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің мемлекеттік аудит объектісі қызметінің саласын реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларды іске асыру үшін қабылданған актілеріне сәйкестігі» базалық көрсеткішінің мәнділік – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер (қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген жалпы сомасы көлемінен анықталған бұзушылықтар сомасының пайызы, 5%-дан астамы мәнді деп танылады) арнайы көрсеткіші бойынша: аудит барысында жекелеген заңнама талаптары бұзылғандығы анықталды, бұл ретте, анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 5790,9 мың теңгені құрап, аудиттелген 1718241,0 мың теңгенің 0,3% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды және Орталық қызметіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында «Орал қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-де жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын;

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне сондай-ақ Білім және ғылым министрлігіне халықты жұмыспен қамту туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсынымдар жолдансын.

3.4. Қосымша: мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 3 парақта, аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат жөніндегі ақпарат 1 парақта.

Батыс Қазақстан облысы бойынша
Тексеру комиссиясының мүшесі



К. Алпысбаев

№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудиторы



Е. Гумаров

Сапаны бақылау және құқықтық
қамтамасыз ету бөлімінің
бас маманының м.а.



М. Утешова

Бас инспектор-заңгер



А. Сибатова